



КОНКУРС «Астана и Президент»

Аяпберген Назерке,

**Абай атындағы 12 жылдық орта мектебінің 5 сынып
оқушысы**

Президент – халық таңдаған қалаулы адам. Ол – жай ғана адам емес, бұқара халықтың қамын ойлайтын, жәрдемдесетін адам. Президент мейірімді, ақылды саясаткер және ел есінде қалатын тағы басқа жақсы қасиет-тері мол азамат болуға тиіс. Өмірде ондай адамдар өте сирек кездеседі. Қазақ елінің Тұңғыш Президенті – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев – сондай қасиеттерге ие халық қалаулысы.

Астана – мемлекеттің жүрегі.

Ол әр елде бар және басқа қалаларға қарағанда ерекше. Әрқашан халық астанасымен мақтанып, оны көкке көтеретіндей болғаны жөн. Ондай астана бізде де бар. Ол – көркіне көз тойдырмайтын Астана қаласы.

Н.Ә. Назарбаев қазақ еліне көп еңбек етті. Ол еңбектерін қазақ халқы ешқашан ұмытпақ емес. Қайта көкке көтерері сөзсіз. Өйткені, біздің еліміз – тыныш отырған бейбіт ел. Бізде бақытты өмір бар. Еуроодаққа төрелік етіп, оларға дұрыс бағыт беріп отырған кім? Біздің еліміз. Нұрсұлтан атамыз. Оның үстіне, бүкіл елді дүр сілкіндірген дағдарыс кезінде Америка, Жапония сияқты алпауыт елдердің экономикасы тоқтап қалған кезде, біздің еліміз, керісінше, дамыған үстіне дамып отырды. Мұның өзі Елбасының мық-ты экономист екенін танытады. Әрбір жыл сайын, тіпті ай сайын, кешегі ат ауыздығымен су ішкен, ер етігімен қан кешкен тар замандарда қиындықты қайыспай көтерген ардагер аталарымызға көмек қолдар ұсынылып, пәтер кілттері тапсырылуда, түрлі қажеттіліктері өтелуде. Қарапайым халықтың жағдайы жақсара түсуде. Бұның өзі – тікелей Елбасымыздың арқасы. Сон-дықтан, Нұрсұлтан атамызды баршамыз аса құрмет тұтайық!

Астана - өте жас қала. Менен екі-ақ жас үлкен. Он үшке аяқ басты. Бірақ ол маған қарағанда, әлдеқайда жылдам. Осы он үш жыл ішінде Астана ғажап өзгерді. Көптеген құрылыстар салынды. Бірер ғана мысал алайын. Бұрын футбол ойнауға келген жұрт Алматыға барса, қазір Астана-ға – жаңа стадион "Астана – Аренаға" келеді. Астанамыздың символы ретінде биіктігі 97 метрге жететін "Бәйтерек" салынды. Оның төбесіне шығып қолыңды қойсаң, тілегің орындалады екен...

[Введите текст]

Астананы көгалдандыру жылдан-жылға артып келеді. Қазір көктем кезі болғандықтан, ағаш отырғызылуда. Ал 3-4 жылдан кейін ол ағаштар терек болады. Сол кезді көрсем ғой...